

ниетті. Экономикалық өсу нәтижелерін тең бөлуді және олардың халықтың табыс деңгейі төмен топтары үшін қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында экономикалық әртараптандыру, орнықты даму және инклюзивті өсуге ерекше мән бере отырып, Үкімет пен АДБ арасындағы осы Әріптестік туралы негіздемелік келісім ЕӘС негізінде жасалды, онда әріптестіктің негіз қалаушы қағидаттары мен Үкіметтің таяу арадағы он жылға арналған даму стратегияларын іске асыруды қолдау үшін бірлескен іс-шаралардың бағыттары айқындалған.

1.2. Үкімет АДБ-мен 1994 жылдан бастап осы уақытқа дейін мемлекеттік секторға 25 кредит түрінде 3,2 миллиард АҚШ долларын, 31 миллион АҚШ доллары көлемінде 68 техникалық көмек жобасын және 455 миллион АҚШ доллары сомасына жеке сектордағы 6 жобаны құрайтын ұзақ мерзімді жемісті ынтымақтастықты жоғары бағалайды. Әріптестік ауыл шаруашылығында, білім беруде, қаржы секторында, көлік саласында, сумен жабдықтау мен санитарияда және суландыру секторында табысты инвестициялық жобаларды және институционалды әлеуетті күшейту бойынша жобаларды іске асыруға алып келді. Соңғы жылдары АДБ операциялары көлік секторында, шағын және орта бизнесті (бұдан әрі – ШОБ) дамытуда, білім алмасуды қолдауда, жеке секторды дамытуда шоғырланды, бұл ретте Орта Азиялық Өңірлік Экономикалық Ұнтымақтастық (ОАӨЭЫ) Бағдарламасы шеңберінде өңірлік әріптестік елдегі АДБ операцияларының ажырамас аспектісі болып табылды. Үкімет орнықты және инклюзивті өсуге қол жеткізу үшін экономиканы әртараптандыруды жылдамдату және оның бәсекеге қабілеттілігін күшейту мақсатында АДБ-мен табысты ынтымақтастықты нығайтуға тілек білдірді.

1.3. АДБ мемлекеттің тәуелсіздік алғаннан кейін қарқынды түрде, табыс деңгейі орташадан жоғары елге айналуына үлес қосқан Үкіметпен тығыз әріптестікті бағалайды және Үкіметтің макроэкономикалық басқару саласындағы орнықты жетістіктерін атап өтеді. АДБ стратегиясы Үкіметтің даму басымдықтарына үлесті барынша көбейтуге және оларды іске асыруға екпін жасайды.

2. Ұнтымақтастықтың мақсаттары мен салалары

2.1. Осы Әріптестік туралы негіздемелік келісім ЕӘС қағидаттарына негізделетін болады және экономиканы әртараптандыру мен бәсекеге қабілеттілікті арттыру бойынша қабылдайтын іс-қимылында Үкіметке қолдау көрсетуге бағытталатын болады. Үкімет мынадай негізгі міндеттерге қол жеткізуге ниетті: (i) басым негізде экономиканың шикізат емес секторына инвестицияларды тарту; (ii) жеке кәсіпкерлік пен инновацияларды дамыту; (iii) шағын және орта кәсіпорындардың дамуын ынталандыру; (iv) институционалды және адами капиталды дамыту; (v) және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру және орнықты өңірлік дамуды қамтамасыз ету. АДБ-ның операциялық фокусы инфрақұрылым мен коммуналдық қызметтерді жаңғыртуға бағытталған, сонымен қатар, инвестициялық құралдар тапшылығын және жобалардың орнықтылығын қамтамасыз

ету үшін инновациялық және икемді шешімдерді табуды; ШОБ үшін қаржыландыруға қол жеткізуді, мемлекеттік-жекешелік әріптестік (МЖӘ) шеңберінде сауда мен инфрақұрылымға инвестицияны жақсартуды көздейді. АДБ стратегиясының негізгі қозғаушы сәттері басқаруды және институционалдық реформаларды, жеке секторды дамытуды, өңірлік ынтымақтастықты, білім алмасуды, климаттың өзгеруі мен экологиялық тұрақтылықты және гендерлік теңдікті қамтиды.

2.2. Осы Әріптестік туралы негіздемелік келісім шеңберінде өзгелермен қатар мынадай бағыттар көзделген:

қаржы секторы;
шағын және орта бизнес;
көлік, энергетика және қалаларды дамытуды қоса алғанда, инфрақұрылым;
мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамытуды қоса алғанда, жеке секторды дамыту;
өңірлік қарым-қатынас және интеграция.

2.3. Үкімет қажет болған жағдайда, АДБ-мен ынтымақтастықта және оның қолдауымен жоғарыда көрсетілген салалардың әрқайсысы үшін егжей-тегжейлі шаралары бар даму бағдарламаларын әзірлейді.

3. Іске асыру

3.1. Даму бағдарламаларын іске асыру жалпы сомадан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Үкімет бөлетін 500 миллиард теңге мөлшерінде алдын ала қаржыландырылатын болады. Бұл қаражат атап айтқанда, ЕӘС мерзімдері шеңберінде шамамен 1,6 миллиард АҚШ долларын құрайтын АДБ-нің мемлекеттік сектордағы индикативтік инвестициялық бағдарламасына қоса қаржыландыру ретінде болады. АДБ мемлекеттік секторда осы бағдарламаны жеке сектордағы операциялар шеңберінде жыл сайынғы негізде айқындалатын акцияларды, қарыздық және кепілдік құралдарды қамтитын құралдарды пайдалана отырып, инвестициялармен толықтыруға ниетті.

3.2. АДБ ЕӘС-тің қолданылу саласы шегінде және онда көзделген құралдарды пайдалана отырып, мыналарды:

- (i) даму бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру кезінде консультациялық қолдау және техникалық көмек;
- (ii) қарыз қаражаты және қаржылық қолдаудың басқа да түрлері;
- (iii) оқытуды, әлеуетті дамытуды және білім алмасуды қолдау;
- (iv) мемлекеттік-жекешелік әріптестікке қолдау;
- (v) елдегі жеке сектордың инвестицияларын қолдау үшін қаржы ресурстарын тарту;

және (vi) 2.2-параграфта көрсетілген салаларда Үкіметті өз даму бағдарламасын қадағалау және мониторингтеу өткізуде қолдау көрсететін болады.

3.3. Даму бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз ету үшін, қажет болған кезде арнайы мақсаттағы қорларды құру нұсқасы қаралуы мүмкін, олар сонымен қатар,

өңірлік дамуға, инфрақұрылымға, венчурлік капиталға, энергия тиімділігіне және ШОБ-ты дамытуға бағытталуы мүмкін.

4. Институционалдық тетіктер

4.1. Үкімет осы Әріптестік туралы негіздемелік келісімді іске асыру үшін Үйлестіру кеңесін құрады, оның құрамына Үкіметтің және АДБ өкілдері кіреді, бірақ олармен ғана шектелмейді. Аталған кеңес саясаттың түйінді шараларын шолу және бағдарламалардың іске асырылуын қадағалау функцияларын орындайтын болады, сондай-ақ шешімдер қабылдаудың тиімді процесіне жәрдемдесетін болады. Осындай Үйлестіру кеңесінің құрамы мен функциялары АДБ-мен және басқа да қатысатын тараптармен келісім бойынша айқындалатын болады.

4.2. Үкімет тиісті министрліктердің/агенттіктердің қатысуымен іске асыру топтарын құрады, олар өздерінің тиісті даму бағдарламаларының іске асырылуын үйлестіретін болады. Топтардың құрамы АДБ-мен және басқа да қатысатын тараптармен келісім бойынша айқындалатын болады.

4.3. Үкімет пен АДБ осы Әріптестік туралы негіздемелік келісім шеңберінде көзделген жобалар мен бағдарламалардың іске асырылуын мониторингтеу бойынша бірлесіп күш салады және даму мақсаттарына қол жеткізу үшін оларды іске асыруға байланысты мәселелерді уақтылы шешетін болады.

5. Басқа ережелер

5.1. Осы Әріптестік туралы негіздемелік келісім оған Үкімет пен АДБ қол қойған сәттен бастап күшіне енеді. Әріптестік туралы негіздемелік келісімді Үкімет не АДБ екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жіберу арқылы бұза алады.

5.2. Үкімет пен АДБ осы Әріптестік туралы негіздемелік келісімде еш нәрсе Үкімет немесе АДБ тарапынан ешқандай заңдық құқықтарды бермейді, ешқандай заңдық, қаржы немесе саяси міндетемелерді жүктемейді. Осы Әріптестік туралы негіздемелік келісімнің әкімшілік сипатына сәйкес осы құжаттың ережелерінің ешқайсысы Үкіметтің немесе АДБ-нің шешім қабылдау тәуелсіз процесіне араласу деп түсіндірілмейтін болады. Осы Әріптестік туралы негіздемелік келісімде еш нәрсе артықшылықтары, жеңілдіктері мен иммунитеттері арнайы қорғалған АДБ-нің артықшылықтарынан, жеңілдіктері мен иммунитеттерінен бас тарту ретінде түсіндірілуге арналмаған және түсіндірілмейтін болады.

5.3. Осы Әріптестік туралы негіздемелік келісімнің 2.2-тармағында аталған даму бағдармаларын іске асырған кезде Үкімет пен АДБ дамыту жөніндегі басқа әріптестермен және қатысатын тараптармен ынтымақтастықты кеңінен қолдайтын болады.

5.4. Үкімет пен АДБ осы Әріптестік туралы негіздемелік келісімді 2014 жылғы _____ Астана қаласында (Қазақстан Республикасы) екі телнұсқа данада қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жасады, бұл ретте ағылшын тіліндегі нұсқа басымдық күшке ие.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Азия Даму Банкі үшін

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұдан әрі Келісімнің ағылшын тіліндегі мәтіні берілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК